

- 2 Referovskaya E.A. Sintaksis sovremennogo frantsuzskogo yazyka. 2-ye izdanie [The syntax of modern French. 8th edition] (Moscow, 2007).
- 3 Larsson T., Kaatari H. Syntactic complexity across registers: Investigating (in) formality in second-language writing // Journal of English for Academic Purposes. Vol. 45. 1-16 (2020)
- 4 Baitursunuly A. On eki tomdyq tsygarmalar jinagy. Tortintsi tom. Til – qural [Twelve-volume works. The fourth volume. The language is a tool] (Astana, 2022).
- 5 Sagyndyquly B. Qazaq tilindegi oramdy soilemder. Kitapta: Gylimi dialog: galym jane izdenutsi. Maqalalar jinagy. Jauapty redaktor: Yergaliev Q. [A long sentence in the Kazakh language. In the book: scientist and applicant. Collection of articles. Editor: Iergaliev G.] (Almaty, 2025).
- 6 Sagyndyquly B. Galamnyn qazaq soilem juiesindegi beinesi (A. Baitursunuly ustanymdary boiyntsa) [Portrait of the world in the syntax of the Kazakh language (according to the idea of A.Baitursynov)] (Almaty, 2024).
- 7 Boranbai B. Qazaq til biliminin qalyptasuy men damuy [Electronic resource]. – 2013. – URL: <https://e-history.kz/upload/iblock/83a/83a94966a3e4ae7e59350d085e9a8dcc.pdf> (date of request 14.02.2025).
- 8 Sagyndyquly B. Qurmalas soilem turlerinin teorialyq negizderi [The theoretical foundations of the types of complex sentences] (Pavlodar, 2006).
- 9 Murtazoyeva Z.M. Linguistic features of hypotactic device formation // Modern Journal of Social Sciences and Humanities. ISSN: 2795-4846 Vol. 4. 351-354 (2022)
- 10 Momynova B. «Qazaq» gazeti (1913-1918): alipbi, emle erekselikteri jane leksika-grammatikasy [Newspaper: «The Kazakh» (1913-1918): alphabet, spelling and lexico-grammatical features] (Almaty, 2022).
- 11 Fazyljanova A. Soz sazy jane intonatsia (eksperimentik-fonetikalyq zertteu) [Melody of words and intonation (experimental phonetic research)] (Almaty, 2022).
- 12 Daiker D., Kerek A., Morenberg M. Sentence Combining: A Rhetorical Perspective [Electronic resource]. – 1985. – URL: https://books.google.ru/books?id=1NBZAAAAMAAJ&redir_esc=y (date of request 18.02.2025).

Received: 28.08.2025

FTAMP16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp45-58](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp45-58)

Л.Р. Қойшығұлова¹, Ж.Қ. Өмірбекова¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИЕТІНІҢ САНДЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақала тілде сақталған сан компоненттерінің мәдени-семантикалық және концептілік мағыналарын, этникалық мәдениеттің сандық коды қызметінде жұмсалып ерекшелігін және сандық кодтың зерттелуіне тарихи шолу жасау мәселесіне арналады. Қазақ халқының өмір сүрген ортасына, аймағына, қоршаған табиғатына сай қалыптасып, тілде сақталған бірегей тарихи дамуы мен күнделікті өмір сүру ерекшеліктері, өмір сүру салты мен дәстүріне қатысты сандық кодты зерттеу заманауи антропоэлекттік парадигма аясында өзектелуде. Мақаламызда жадымызда сақталған киелі сандардың этномәдени жүйе коды қызметінде жұмсалудың зерделеуге, фразеология, идиоматика, реалий контекстіндегі сандық компоненттердің мәдени кодын ашуға, фольклор материалдары мен паремология негізінде санның концепт деңгейіндегі ұғымдық, образдық, құндылық және символикалық сипатын зерделеуге, этникалық мәдениеттің сандық кодын халықтық математика аспектісінде айқындауға негіз болатын этномәдениеттің сандық кодын жан-жақты ашуға ұсыныстар жасалады. Қазақ мемлекетінің бүгінгі таңдағы даму барысын

белгілейтін қоғамдық-әлеуметтік жаңару бағдарына сай тіл арқылы ұлт құндылықтарын игеру аса маңызды. Мақаламыздың маңыздылығы – қазақ мәдениетіндегі сандардың ерекше мәнін архетиптік санада жаңғыртып, бүгінгі тіл иесінің қолданысындағы сөз әлеуетін таныту мен сан компоненттерінің мәдени кодын айқындау. Мақаланың мақсаты – тілші-ғалымдардың танымдық көкжиегін кеңейтіп, тіл арқылы мемлекетшілдік сана деңгейін көтеру. Мақаланың өзектілігі – ұлттың дүниетанымымен, ұлттық болмысымен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, жасырлар бойы жасаған ұлттық мәдениетімізді жаңғыртып, ұлттық корпус арқылы болашақ жастарға аманаттау. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, диалектологиялық, әлеуметтанымдық т.б. зерттеулерде түсіндіріліп, жинақталған «сандық кодты» танытатын этномәдени бірліктердің жүйесін ұлттық корпуста берудің ғылыми-әдіснамалық үлгісін көрсету – мақаланың арқалаған міндеті. Мақаланың құндылығы тіл арқылы ұлт мәдениетін (болмысын) заманауи лингвистиканың ақпараттық көзі ретінде ізденушілердің жұмысын оңтайландыруында болып отыр.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, этномәдени лексика, мәдени код, сандық код, ұлттық корпус, мәдени репрезентация.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Сандық рәміздер қазақ мәдениетінде өте ауқымды мәнге ие. Түркі тектес халықтардың сан атаулары туралы В.А. Гордлевский, Н. Поппе, И. Зенга, Ф. Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радлов сияқты ғалымдар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жасаса, қазақ тіл білімінде сан компоненті тақырыбында жазылған еңбектердің көпшілігі оларды құрылымдық бағытта зерттеуге, семантикалық талдау мен топтастыруға арналды. Қазақ мәдениетіндегі сандардың семантикалық мәнін ашуға тіл мамандары (І. Кеңесбаев, Қ.С. Дүсіпбаева, К.Қ. Күркебаев, Т. Тілеубекұлы және Б. Қиянатұлы) тарапынан арнайы еңбектер жазылған.

Қазақ мәдениетіндегі нумеративтерді қарастыру да мүлдем тың тақырып деп айтуға келмейді. Мәселен, мәдениеттанушы Ж.К. Каракузова мен философ М.Ш. Хасановтың «Қазақ мәдениетінің әлемі» [1] («Космос казахской культуры», Алматы, 1993) еңбегінде қазақ халқының әлем бейнесі жайлы түсінігіне киіз үйдің мысалы арқылы рәміздік талдау жасалған. Соның ішінде сандық рәміздерге ерекше көңіл бөлінген. Сол сияқты мифолог, мәдениеттанушы С.Қондыбай [2] өзінің көп томдық еңбектерінде қазақ халқындағы қасиетті сандардың мәнін ашуда мифологиялық талдау жасаған. Философ, мәдениеттанушы Т.Х. Ғабитовтың жетекшілігімен жарыққа шыққан жоғары оқу орындарының және колледж студенттеріне арналған «Философия» [3, 98] (Алматы, 2012) атты еңбектегі «Қазақ философиясының қалыптасуы» тарауында да қазақ мәдениетіндегі сандық, сапалық категориялар біршама зерделенген. Көрнекті мәдениеттанушылар А. Абжаппарова, А. Тулеметова, Г. Бегалиеваның «Digitalization of cultural heritage in Kazakhstan» [4, 113], 3. Наурызбаеваның «Қазақтың мәңгілік аспаны» («Вечное небо казахов», Алматы, 2013) [5, 213], С. Сүлейменованың «Digital representation of the Kazakh linguocultural code» еңбектерінде, [6, 201], т.с.с. қазақ мәдениеті жайлы баяндалған негізгі еңбектердің қай-қайсысында болсын, сандар рәмізі тікелей немесе жанама тәрізінде зерттеушілердің назарына іліккен. Себебі қазақ мәдениетіндегі сандарға қатысты рәсімдер тылсым құпиялы мінсіз жүйені елестетеді. Сондықтан қазақ мәдениетіндегі сандардың ерекше мәнін ескеріп және оның ұлттық тіл корпусы аясында арнайы қарастырылмағанына орай мақала өзекті. Сан және сан компоненттерінің қазақ этникалық мәдениетінің кодын қалыптастыруға мүмкіндік беретін концептілер ретінде арнайы іргелі зерттеу болмағандықтан, мұндай зерттеулер маңызды рөл атқарады.

Қазақ тіл білімінің құрылымдық жүйесінде сан есімді арнайы зерттеген ғалым Ә. Хасенов: «Түркі тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген

пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі» [7, 20] деген пікір айтады. Сандардың қасиеті туралы ғалым Л. Ванг: «Түркі және қытай халықтарындағы киелі сандардың этномәдени репрезентациясы бір-біріне жуықтайды. Соған қарағанда әлемдегі барлық этностың мәдениетіндегі ерекшеліктер бір не екі ұқсастығы арқылы да тоғыса алады» [8, 156] деген болжам жасайды. Жалпы әлемдік ізденістерде санды мәдени-философиялық тұрғыда талдау, қарастыру тарихы өте тереңнен басталады. Себебі санның негізгі қызметі әлемді рәміздер арқылы сипаттау болған. Сондықтан сандар мәні көптеген еңбектерге негіз болды. Мысалы, белгілі антрополог Ж. Смиттің цифрлық антропология жайлы кітабын [9], **З. Ахатованың** қазақ халық ауыз әдебиетіндегі сандардың жаңа медиадағы репрезентациясы туралы еңбегін [10], Сонымен қатар, өнертанушы **Ж. Жанабергенованың** дәстүрлі қазақ өнеріндегі сандық символдар жайлы зерттеуін [11], философ-математик А. Машанидің құран мен мәдениетті «әбжад»-тық тұрғыда талдауға негіздеген көп томдық еңбектерін т.с.с. [12] атауға болады.

Лексика мен идиоматиканың сандық семантикасы мен символизмінің ерекшеліктері әртүрлі тілдердің материалында қарастырылды: С.А. Жаботинская (1992) еңбегінде қазіргі ағылшын тіліндегі сандар класының когнитивті және номинативті аспектілері сипатталған; В.В. Шевченко (2001) ағылшын фразеологиялық бірліктеріндегі сандық компоненттердің символикасы мен маңыздылығын зерттеді; Н.П. Черневая (2003) еңбектерінде орыс және болгар идиомаларындағы сан символикасы және семантикасы талданды; А.Б. Карасев (2005) зерттеулерінде ағылшын және испан идиомаларындағы сандар мәндерінің когнитивті шарттылығы анықталды; Е.В. Голубева (2006) мәдени тұжырымдамалар негізінде қалмақ тіліндегі әлем картинасының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеді; А.А. Осипова (2007) орыс, ағылшын және французға тән әлемнің тілдік бейнелеріндегі сандық мәні бар лексемалардың семантикасы мен символикасына салыстыру жүргізді; А.А. Челнокова өз зерттеуінде (2009) сан есімді неміс тіліндегі қайталама номинацияның мотивациялық базасы ретінде зерттеді.

Сан мәдениеттің элементі ретінде белгілі бір этностың дамуының әр кезеңінде ойлау жүйесінің негізгі ерекшеліктерін жобалап, бейнелейді [13]. Белгілі бір ментальды, рухани, идеялық және басқа да сипаттамаларды объективтендіреді. Сандар мен сандық жиынтықтар негізгі санау функциясынан басқа архаикалық ойлаудың ізі ретінде белгілі бір дәстүрді білдіретін қосымша символдық, салттық мағынаға ие.

КІРІСПЕ

Ұлттық корпуста берілген этномәдени лексикалық бірліктер ұлттық рухани мәдениетті зерделеу, тіл мен этностың байланысын дәлелдейді.

Қоғам өмірінде тіл мен мәдениет бір-бірінен ажырамас субъектілер ретінде әрекет етеді. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны қалыптастыру мен сақтаудың маңызды құралы. Тіл білімінде, мәдениеттануда және тіл философиясында мәдениет «тілін» тіл арқылы жүзеге асыру құралдарының ішінде фразеологиялық құрамның ең айқын болатыны жалпыға мәлім. Фразеология әрдайым мамандардың назарын аударды, өйткені, бір жағынан, бұл лингвистика, этнология, психология, әлеуметтану және тарих тоғысатын пәнаралық ғылым бөлімі, ал екінші жағынан, осы тілді қолданушы этностың мәдениетімен, оның психологиясымен және философиясымен тығыз байланысты тіл саласы. Фразеологиялық құрамның өзегі – идиомалар. Идиомалар зат не құбылыс құндылығын білдіруден гөрі бейнелеуге жақын. Ежелгі заманнан бері адам қоршаған әлемнің сандық символизациясына жүгінді. Барлық халықтарда қасиетті сандар бар, олар «бақыт» сандары мен «бақытсыздық» сандары деп бөлінген, олар тек санның көрінісі ғана емес, әрқайсысының өзіндік сипаты бар. Ұлтымыздың мифопоэтикалық дәстүріндегі сандар мәдени кеңістікті модельдейтін мифологиялық кодтың бір түрі болмақ.

Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Мысалы, қырық

ұғымының мәдени коды мынадай: қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүниеге келу уақыты); қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі, жанның тәннен толыққанды ажырауы (қырқын беру); қырық – өмірге бейімделу, қырқын сақтау (нәрестені қырқынан шығару); қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу); қырық – қасиетті жас (кемелдену кезеңі, қазақ танымы бойынша рухани толысу, парасаттану кезеңі).

Мәдениетті тіл арқылы таныту құралының бірі, тіл мен мәдениет тоғысының көрсеткіші – реалий. Реалийді «ұлт рухының даралану формасы» деп қарастыратын болсақ, адамзаттың тілге бөлінуін, халыққа ажыратылуын негіздейді. Демек, тіл мен адам рухының арасындағы байланыс мықты. Екеуі бірге дамиды. Сондықтан тіл мен адам рухы бірігіп, интеллектуалды қабілет әрекетін қалыптастырады.

Тілдің қызметі – этномәдени бірліктердегі ақпаратты ұлттың рухы ретінде ұлттың бойына сіңіріп, сақтау. Сайып келгенде, тілдің қызметі арқылы «тіл – халықты бір бүтін етіп тұтастырушы арқау» деген тұжырым халқымыздың бүгінгісі мен кешегісі, болашақ тарихы мен бағдарын белгілеудің өзектілігін құрайды. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – ана тіліміздің мол байлығын көрсететін заманауи баға жетпес рухани қазына. Осыған байланысты ұлттық танымға нұсқау болатын, ұлттық нақышы айқын, ұлттық дүниетанымның мазмұнын лингвомәдени (этномәдени) бірліктер құраса, оның ең құнарлы бөлшегі – этномәдени лексика. Этномәдени лексика – этностың ақыл-ой санасының, дүниетанымның нәтижесі, материалдық және рухани мәдениетінің тілдегі көрінісін таңбалайтын тіл бірліктерінің жүйесі. Этномәдени лексиканы ұлттық дүниетаным мазмұнды тіл бірліктері, лингвокультуремалар құрайды. Осы болмысына сәйкес ұлттық тілдің тарихи дамуына байланысты күрделі, сан түрлі кезеңдерден өткен, өте кең ауқымды қамтитын ұғым болғандықтан, құрамы жағынан бірыңғай сипатта қолданыла бермейді.

Этномәдени лексика – қазақ тілінің өз тарихын, рухани-материалдық байлығын зерттеп-зерделеуінде өзін тану жолына жүгінетін тарихи куәсі. Аталмыш лексика қазақтың дәстүрлі мәдениетінің көріністерін әлі күнге дейін таңбалап, реликтілік сипатта осылайша сақталған лингвомәдени сөздердің мазмұнын тіл иесінің этномәдени болмысын бейнелейді. Олай болса, қазіргі қоғамдағы рухани жаңғыруға бет бұрған бағдарды жүзеге асырудың жаңа сапалық деңгейіне сәйкес рухани-танымдық тетік болатын, мемлекетшілдік сана қалыптастыруда қозғаушы күш ретінде танылатын, тереңнен жалғасқан танымдық-ақпараттық көздің бірі – этномәдени лексика. Ол – қазақтың біртұтас тілінің мәдени қолданысы мен тіл тарихының үдерісінде қазақ жұртының реликтілік тілдік көрінісі ретінде сақталған төл мәдениетінің бөлшегі. Заманға сай тіл ғылымының этномәдени бірліктерді бөліп зерттеуден гөрі оларды өзара байланыстыру этномәдени ақпарат жинақтары ретінде тұтас анықтап отырған кезеңінде мәдени лексиканы этномәдени дереккөзі, ұлттық мәдениеттің көрінісі тұрғысынан айқындап, оның мәдени-танымдық қызметін көрсетуге арналған зерттеу жұмыстарының маңыздылығын айқындап көрсетеді. Ұлттың тілінде таңбаланып, оның тұрмысымен байланысып келе жатқан ұлттық коды, осы этномәдени лексикадан кең көлемде таратылған, мәдени құндылықтарының этномәдени лексикада өзіндік ерекшеліктерін ала отырып, ұлттық мәдениетті айшықты толықтыра түсетініне ден қойып зерттеу тіл арқылы бейнеленген этномәдени тұтастықты зерттеу жұмысының өзектілігін нақтылай түседі. Тіл мен мәдениет сабақтастығының ғасырларға жалғасып келе жатқан терең байланысының көрсеткіші болып табылатын бейнелі тілдік бірліктердің бойында ұлттық болмыс, таным, ұлттық ұстаным сақталады. Ал, осы мәдениеттегі сандар – дүниетанымның бір тетігі. Таным, тарих – дамып отыратын жүйе. Этникалық мәдениеттегі сандық код әлемнің тернарлық құрылымы жайлы түсінігін сипаттайды.

Кодтар – мәдениеттің дамуы мен әрекет етуіне негіз болатын маңызды құрал. Сандар ғаламды, адамды және мета-сипаттама жүйесін бейнелейтін арнайы сандық кодтың элементтерін құрайды. Сандық код кез келген мәдениетке еніп, ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық сандық символиканы бере отырып, этностың жинақталған білімін жүйелейді және топтастырады, Архаикалық мәдениеттерде сандар ғаламның бағдары мен космолизациясының

сакральді құралы болған. Ежелгі мифопоэтикалық дәстүрлерде сан тек ғаламның бейнесі ғана емес, сонымен бірге оны әр кезеңде жаңғыртып отырудың моделі болды.

Санның бойында сақталған көне мәдени құндылықтар, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, символдық мағыналар тілдегі паремиологиялық, фразеологиялық қор, фольклорлық мұралар арқылы айқындалады. Бұл нысандар бүгінде цифрлық жүйемен көмкерілген қазақ тілінің ұлттық корпусынан орын алған. Сондықтан аталған жобада сан компонентінің стереотипті түрде дағдыға айналған реттік, есептік мағыналары емес, оның мәдени-семантикалық символизация, тарихи-мәдени жады, концептілік модель, халықтық білім аспектісіндегі кодтық дәрежесі зерттеу көзіне алынды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Қазақ тілінің этномәдени лексикасы, оның деңгейі, этномәдени мазмұнды ерекшелігі, ұлттық болмысты танытатын рухани және материалдық мәдениеттің тілдік бірліктері зерттеудің негізгі материалы ретінде қарастырылады. Лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б. бірліктердің мазмұнында сақталған этномәдени болмысты ашудың тәсілдері ретінде лексика-семантикалық, мәдени-семантикалық, этнолингвистикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, тілде сақталған этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста беру үлгісіне негіз болды.

Мақаланы жазу барысында талдау, сипаттау зерттеу әдістерін қолдандық. Біз таңдаған әдістер сандардың этномәдени ерекшеліктерін сипаттауға; қазақ этномәдениетіндегі сандардың репрезентациясын анықтауға мүмкіндік береді. Сандарға қатысты зерттеулерді шола қарасақ, арнасы кең ізденістер мен іргелі жетістіктердің куәсі боламыз. Ж. Каракозова, М. Хасанов, С. Қондыбай, З. Наурызбаева, С. Сүлеймен және т.с.с. зерттеу еңбектері негізге алынды. Ал, шетелдік зерттеулерден осы тақырыпта жазылған Л. Ванг, Ж. Смит еңбектерін бөліп көрсете аламыз. Бұл зерттеулердің әрқайсысы сандарды әр қырынан қарастыруға бағытталған. Мәселен, С. Қондыбай оның этномәдени ерекшеліктерін қарастырса, Л. Ванг антропологиялық жағынан сипаттайды. Сол сияқты, сандардың фольклордағы, философиядағы, математикадағы және т.б. салалардағы ерекшеліктерін этномәдениет тұрғысынан қарастырдық.

НӘТИЖЕЛЕР

Мақалада сан ұғымдары мәдени-семантикалық құрылым және концептілік құрылым құрай алады. Сондықтан сан ұғымдарына лингвомәдениеттанымдық талдау жасау маңызды. Себебі сан – генотипті әмбебап ұғым. Мәдени-семантикалық құрылым мағына ұқсастықтарының перифериясын құраса, концептілік құрылым – ұғым ұқсастықтарының перифериясын құрайтын жүйелі құрылым. Сан атауларының семантикалық құрылымы шексіз кең.

Концептілік құрылым – семантикалық құрылымнан ауқымы кең ұғым. Семантикалық құрылымда тек мағыналық ұқсастығы ортақ тіл бірліктері шоғырланса, концептілік құрылымда ассоциациясы, стереотипі, ұқсату бейнелері ортақ ой құрылымдары жинақталады. Концептілік құрылымның тілдік құрылымы семантикалық құрылымға ұласуы мүмкін. Сан ұғымдарының концептілік және семиотикалық талдауы сандардың архетиптік эзотерикалық мағыналары біртіндеп ұмытылатынын, фольклор, соның ішінде әдет-ғұрыптар мен ырым-жоралғылар жүйесіне еніп, этномифоқұрылымдық қасиеттерге ие болатынын тұжырымдауға болады. Демек, сан атаулы мәдени бейнелер ұлттық, әлемдік мәдениетті жаңғыртушы культтік құндылық болып айқындалады.

Сан жүйесі арқылы кодталған бейнелерді мәдениеттанушылық талдау барысында маңызды факторлар – ұлттық ұжым санасында стереотиптенген дәстүрлі ұстанымдар, жосын-жоралғылар, ырым-тыйымдар негізге алынуы тиіс. Тілде, санада таңбаланған дәстүрлі ұстанымдар – ұлттық өмірдің мәдени мұрасы. Ал, мәдени игілікті бейнелеген атаудың мәнінде

ұлттық құндылық туралы ақпарат жатыр. Тілде басқаша кодталғанмен, оның астарында халықтың менталитеті мен өмірге деген шынайы көзқарасы ашылады.

Халықтық математиканың зерттеу пәні – халықтың көп ғасырлық тәжірибе негізінде туындаған математикалық мәдениеті. Бұл ретте қазақ халқының математикалық мәдениеті өте бай. Соның ішінде халық шығармашылығы мәтіндері, этнографиялық материалдардың кең ауқымы жан-жақты зерттеу-зерделеуді қажет етеді. Жалпы, этноматематика – халықтық принциптердің айқын ережелеріне негізделетін педагогикалық ғылымның бір саласы, этникалық-мәдени білім берудің құрамдас бөлігі. Этникалық-мәдени білім берудің негізі принциптерінің бірі білім беру ісін білім дарыту мен кадрларды кәсіби даярлаудың тетігі ретінде емес, түптеп келгенде, мәдениет түзуші институт, жеке тұлғаның адамға, ұлтқа тән ерекшеліктерді сақтап, дамытудың құралы ретінде қарау мәселесі жүзеге асырылады.

ТАЛҚЫЛАУ

Қоғам өмірінде тіл мен мәдениет бір-бірінен ажырамас субъектілер ретінде әрекет етеді. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, оны қалыптастыру мен сақтаудың маңызды құралы. Тіл білімінде, мәдениеттануда және тіл философиясында мәдениет «тілін» тіл арқылы жүзеге асыру құралдарының ішінде фразеологиялық құрамның ең айқын болатыны жалпыға мәлім. Фразеология әрдайым мамандардың назарын аударды, өйткені бір жағынан бұл лингвистика, этнология, психология, әлеуметтану және тарих тоғысатын пәнаралық ғылым бөлімі, ал екінші жағынан – осы тілді қолданушы этностың мәдениетімен, оның психологиясымен және философиясымен тығыз байланысты тіл саласы. Фразеологиялық құрамның өзегі идиомалар болып саналады. Идиомалар зат не құбылыс құндылығын білдіруден гөрі бейнелеуге жақын. Ежелгі заманнан бері адам қоршаған әлемнің сандық символизациясына жүгінді. Барлық халықтарда қасиетті сандар бар, олар «бақыт» сандары мен «бақытсыздық» сандары деп бөлінген, олар тек санның көрінісі ғана емес, әрқайсысының өзіндік сипаты бар идеялар-символдар. Ұлтымыздың мифопоэтикалық дәстүріндегі сандар мәдени кеңістікті модельдейтін мифологиялық кодтың бір түрі болмақ.

Мәдени код – белгілі бір ұлттың мәдениетіндегі халықтың дүниетанымымен жеткен бірегей, ерекше құндылығын тануға негіз болатын мазмұнды ақпарат. Мысалы, қырық ұғымының мәдени коды мынадай: қырық – екі әлем (сәбидің ана құрсағындағы кезі мен жарық дүниеге келу уақыты); қырық – екі дүниенің, фәни мен бақидың шегі, жанның тәннен толыққанды ажырауы (қырқын беру); қырық – өмірге бейімделу, қырқын сақтау (нәрестені қырқынан шығару); қырық – молшылықтың символы (отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу); қырық – қасиетті жас (кемелдену кезеңі, қазақ танымы бойынша рухани толысу, парасаттану кезеңі). Қазақ этномәдениетінде сандардың символдық мәні – ежелден қалыптасқан дүниетанымдық құрылымдардың бірі. Сандық код тек қана есептік категория емес, сонымен қатар этностың тарихи жадында, мәдени дәстүрінде, тілдік санасында орныққан концепт ретінде көрініс табады. Сандық компоненттердің тілдегі репрезентациясын зерттеу қазақ халқының рухани мәдениетін, дүниетанымдық бағдарын және әлеуметтік өмірін тануға мүмкіндік береді.

Мәдениетті тіл арқылы таныту құралының бірі, тіл мен мәдениет тоғысының көрсеткіші – реалий. Реалийді «ұлт рухының даралану формасы» деп қарастыратын болсақ, адамзаттың тілге бөлінуін, халыққа ажыратылуын негіздейді. Демек, тіл мен адам рухының арасындағы байланыс мықты. Екеуі бірге дамиды. Сондықтан тіл мен адам рухы бірігіп, интеллектуалды қабілет әрекетін қалыптастырады.

Қазақ халқының мәдениетінде сандардың киелі сипатқа ие болуы – этникалық дүниетанымның айрықша белгісі. «Жеті қазына», «тоғыз төре», «қырық шілтен» секілді ұғымдар халықтың танымында кең қолданыста болған. Бұл құбылысты қазіргі зерттеушілер мәдени-символдық код тұрғысынан қарастырады. Мәселен, **А. Абжаппарова** қазақ мәдени мұрасындағы архетиптік сандардың цифрландырылуы мен репрезентациясын зерттеп,

этникалық кодты жаңа медиа арқылы ұсыну мәдени жадыны сақтаудың тиімді құралы екенін көрсетеді [4, 113].

Мәдени кодты айқындайтын тілдік бейненің негізгісі – паремиологиялық қор. Паремиологиялық қордың құрамына мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, жұмбақтар мен тұрақты сөз тіркестері, бейнелі перифразалар жатады. Мәселен: «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз», «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер», «Қарғыс жеті атаға жетеді». Бұл – қазақтың төл мәдениетіне тән ұлттық паремиялық бірлік. Себебі өзге мәдениетте «жеті ата» ұғымы жоқ. Жеті ата – дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан тек пен ұрпақ таратудың шежірелік жөн-жосығы бойынша әкелік тараптан ғана қалыптасатын, жеті ұрпақтық желіске кіретін және оны құрайтын өзара туыс адамдардың қауымы. Оның құрамындағы ересек ер адамдар мен олардың ұлдары бір атадан тараған қандас туыстар болып есептеледі. Сонымен бірге көшпелі ортада қатаң ұстанған жеті атаға дейін өз ішінде қыз беріспейтін, яғни жеті аталық мөлшерлі принципке (нормаға) сәйкес басқа рулардан келін болып түскен әйелдер де осы туыстық-рулық жүйенің құрамына кірді. Жеті ата дәстүрін сақтау – қазақ ұлтын сақтау деген сөз. Жеті аталық рудың принциптері болашақ ұрпақтың табиғи жаратылысының дұрыс болуын да негізге алады. Яғни, туыстық қан араласу жайттарын болдырмау қағидасын қатаң ұстанады. Фольклорда сандардың орны ерекше: мифтерде, ертегілерде, мақал-мәтелдерде «үш», «жеті», «тоғыз» секілді киелі сандар үнемі кездеседі. **3. Ахатова** өзінің зерттеуінде қазақ халық ауыз әдебиетіндегі сандардың жаңа медиадағы репрезентациясын қарастырады. Ол фольклорда сақталған «жеті ата» және «тоғыз тоғы» сияқты концептілердің заманауи этномәдениеттегі маңызын ашқан [10, 75]. **А. Құдайберген** бастаған қазақстандық зерттеушілер виртуалды музейлерде этномәдени мұраларды, соның ішінде сандық кодтарды сақтау тәжірибесін қарастырады [14, 58]. Фольклор үлгілеріндегі сандық кодқа қатысты құнды деректерді Ж. Қиынова мен Ж. Жауыншиева қазақ жұмбақтарындағы сандардың символдық мәнін талдау арқылы көрсетеді. Олар 1-ден 5-ке дейінгі сандардың адам дене мүшелерімен, тұрмыстық құндылықтармен және табиғи құбылыстармен байланысын сипаттап, олардың халықтық дүниетанымдағы орнына назар аударады [15, 150].

Қазақ халқының мәдени кодында сандар – дүниетанымдық өлшемдердің негізі. Әрбір санның мәні ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік тәжірибеге, діни түсінікке және тұрмыстық тәжірибеге сүйенеді. Мысалы, «жеті қазына» ұғымы адамның өмірлік құндылықтарын жинақтап көрсетсе, «қырық күн» уақыттың ерекше шекарасын айқындайды. Сандардың танымдық қызметі олардың символдық рөлінде анық көрінеді. «Үш» саны бастау, тұтастық және үйлесімділікті білдіреді. «Жеті» саны табиғат пен қоғамның заңдылықтарын қамтитын жүйелік мәнге ие. Ал «тоғыз» саны толықтық пен кемелдікті білдіреді. Бұл ұғымдар халықтың дүниетанымын құрай отырып, ұжымдық сананың маңызды элементі болып қалыптасты. Қазақ дәстүрінде сандар түрлі әдет-ғұрыптарда, ырымдарда және рәсімдерде айрықша орын алады. Бала дүниеге келгенде «қырқынан шығару», келін түскенде «жеті шелпек пісіру» немесе қайтыс болған адамға «жетісі, қырқы» берілуі – осының айқын дәлелі. Бұл рәсімдер халық өмірінде сандық өлшемнің тек есептік емес, әлеуметтік және рухани қызмет атқарғанын көрсетеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер сандық кодтың мәдени-тілдік негізін ашады. «Жеті өлшеп, бір кес», «тоғыз жолдың торабы», «қырықтың бірі – Қыдыр» сияқты тұрақты тіркестер сандардың халық ойлауындағы орны мен мағынасын айқындайды. Мұндай тілдік бірліктер халықтың өмірлік тәжірибесін, құндылық жүйесін сақтап, келер ұрпаққа жеткізіп отырған. Қазіргі кезеңде сандардың этномәдени мағынасы тек дәстүрлі ортада ғана емес, жаңа цифрлық кеңістікте де көрініс табуда. Әдеби шығармаларда, кино мен театрда, заманауи өнерде сандар символикалық код ретінде қайта жаңғырып, жаңа интерпретацияларға ие болуда. Бұл – халықтың тарихи жадын заманауи мәдениетпен сабақтастырудың бір көрінісі.

Қазақ мәдениетіндегі мұндай сан атаулары мәдени ақпарат беруші, культтік мағыналарды астарлаушы, концептілік және мәдени-семантикалық құрылым қалыптастырушы жүйе ретінде қарастырылу қажет. Мұндай этномәдениеттанушылық талдау

фактілері арқылы қазақ дүниетанымын, өзіндік әлем бейнесін ұлттық тіл корпусы аясында құрастыру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірегейі болмақ. Сан компоненттерін зерттеу арқылы қазақ мәдениетіндегі сан атауларының эквиваленті жоқ лексика құрай алатын әлеуеті анықталады. Бұл әлемдік аренада ұлттық тіл корпусының бірегейлігінен хабар береді.

Сандар халықтың тарихи жадында дүниетаным нәтижесі мен әлеуметтік тәжірибе ретінде жинақталған индуктивті және эмпирикалық математикалық білім мен танымның жиынтығын құрайды. Бұл халықтық математика ұғымын қалыптастыруға негіз болды. Ол атадан балаға ауызша формада жеткізіліп келді. Халықтық математиканың бағыттары: есеп пен нөмірлеу жүйесі, өлшем (уақыт, ұзындық, аумақ, көлем, салмақ), геометриялық мәліметтер және оның шаруашылықта, халықтың қолданбалы өнерінде көрініс табуы, математикалық түсініктер мен терминдер, этнопедагогика (санамақ, жұмбақ, мақал және басқа да математикалық білімді қамтитын халық шығармашылығы), халық есептері, мұражай, мұрағаттарда, т.б. сақталатын ежелгі халықтық математика ескерткіштері.

«Халықтық математика» терминін алғаш рет 1878 жылы тарихшы В.В. Бобынин қолданған. В.В. Бобынин «Состояние математических знаний в России до XVI века» (1884) [3, 98] атты очеркісінде халықтың алғашқы математикалық білімі – «сан мен өлшемді игеруі» болып табылатынын тұжырымдайды. Ғалымның пайымдауынша, «бұл ілім біртіндеп, атадан балаға жалғасу еңбегінің арқасында» бақылау нәтижесі мен тәжірибе, қарапайым индуктивті және эмпирикалық әдістер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жету жолымен сақталған. Бұдан басқа халықтың математика жөнінде В.В. Barton, G. Gilmer, т.б. сынды ғалымдар өз ой-пікірлерін ұсынған. Көптеген ғалымдар, әдіскерлер, мұғалімдер өз зерттеу еңбектерін халықтық математиканың жекелеген сұрақтарына арнаған. Әлемдік аренада ғалымдар тарапынан адыгей (Н.М. Евтыхова), башқұрт (С.С. Салаватова), моңғол тілді халықтар (Л.Д. Дугаржапова), мордова (М.А. Куканов), орыс (Симонов Р.А.), татар (В.М. Беркутов, Л.Р. Шакирова), тува (Ч.М. Ондар), удмурт (Л.Т. Крежевских, М.В. Волкова, Л. Грацианская, М.В. Гришкина), украин (А. Дорошкевич), чуваш (Н.И. Мерлина, А.В. Мерлин, С.А. Карташова), якут (А.И. Петрова, А.В. Иванова, С.В. Стручкова) т.б. халықтар танымындағы ұлттық математикалық мәдениет мәселелері өзекті тұжырымдарға ие. Аталған авторлардың жұмыстары «халықтық математика» ұғымы және оның бағыттары туралы қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Отандық ғылымда халықтың математиканы оқытудағы фольклорлық элементтердің маңызын қарастырған зерттеушілердің қатарында Н. Керімбаев, А. Акрамова, Н.Сүлейменова, т.б. атауға болады.

Қазақ этномәдениетінде сандар тұрмыс-тіршіліктің өлшем бірлігі ретінде де қызмет атқарған. Мал басын, қашықтықты, уақытты өлшеуде «қырық күн шілде», «жеті қадам» секілді тұрақты тіркестер қалыптасқан. Бұл халықтық математика элементтері қазіргі когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылады. ХХІ ғасырда этномәдени кодты сақтау жаңа медиа мен виртуалды кеңістікте іске асуда. Қазіргі таңда халықтық математика мәселелеріне қатысты зерттеулер шетелдік ғалымдар тарапынан басым. Әсіресе, тарихи-педагогикалық деңгейдегі еңбектер баршылық. Отандық ғылыми айналымда халықтық математика туралы зерттеулер өте аз. Сондықтан да лингвистикада сан компоненттерін зерттеу, зерделеу және оны математика ілімімен байланыста қарастыру халықтық математика ілімінің ғылыми шеңберін кеңейтіп, теориялық қорын байытып, алынған нәтижелері практикалық маңызымен түйткілді шешімдер жасауға сеп болады. Халықтық математиканың әдіснамалық аспектіде яғни этноматематика деңгейінде қарастырылуы бүгінде жаңалық дәрежесін айрықша бағамдайды. Жалпы халықтың этникалық-мәдени сәйкестілігі өз тарихында, мәдениетінде болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандарын қастерлеу нәтижесінде құрылады. Ол ұлттың азат және ерікті жасампаздық шығармашылығы процесінде қалыптасады. Олай болса, ол халықтық математиканы ұлттық болмысқа бағдарланған білім беру мазмұнын қалыптастырудың қайнар көзі ретінде пайдаланады [5, 213]. Білім беру мазмұнының этноматематикамен толысуы оның өзектілігінен де хабар береді. Себебі этноматематикалық материалды қосудың басты идеясы – қазақ фольклоры мен ұлттық философия элементтерін пайдалану арқылы қазақ мәдениетін

және басқа мәдениеттердегі интеграция құбылысын тану. **С. Сүлейменова** қазақ тіліндегі этномәдени кодтардың цифрлық репрезентациясын зерттеп, сандардың ұғымдық, символдық мәнін талдайды. Оның еңбегінде «жеті» санының қасиеттілік сипаты мен «қырық» санының әлеуметтік-мәдени коннотациялары ашылады [6, 201]. Ұлттық, бірегейлік сипатымен бірге жалпы, әмбебап қасиеттердің де анықталуына жол ашылады. Түйіндей айтсақ, қазақ халқының ұлттық фольклорлық мұрасы мен философиялық дүниетанымы әлемдік тәжірибелер үдерісіне еніп, көптеген математикалық идеяларға негіз болуы және оның этноматематика компоненті ретінде қолданылуы бүгінгі күні өте маңызды. Қытайлық этнолингвист **Л. Ванг** түркі және қытай мәдениеттеріндегі киелі сандардың концептілік сипатын талдап, олардың дүниетанымдық ортақ негізін айқындаған [8, 157]. Өйткені олардағы жағдаятта жаратылыстану-математикалық білім практикалық есептерді шешу құралы болып көрініс табады. Бұл есептер дәстүрлі, «академиялық» мағынада емес, «өмірлік» жағдай туындысы болмақ. Бұдан білім алушылар күнделікті, қоршаған орта шындығына тиесілі ғылыми білім «пайдасын» көреді. Сондықтан этноматематикалық есептер практикалық-бағдарланған, өлкетанушылық және этномәдени мазмұндағы есептер болып табылады. Батыс антропологи **Ж. Смит** мәдени антропология тұрғысынан сандардың символдық мәнін цифрлық ортада зерделеп, олардың жаһандық мәдени код ретіндегі қолданысын сипаттайды [9, 79]. Ал, **Ж. Жанабергенова** дәстүрлі қазақ өнеріндегі сандық символдарды мультимедиялық форматта зерттеп, олардың киелі рәміздер ретіндегі қызметін сипаттайды. Оның пікірінше, цифрлық репрезентация арқылы жастарға этникалық кодты жеткізу мүмкіндігі артады [11, 90]. Мұндай реалды практикалық дағдыларға баулу – білім алушылардың біліктіліктерін арттырудың бірден-бірі көрсеткіші, соған сәйкес әлемдік деңгейдегі жаңаша трендтердің бірі болмақ. «Жаңа мамандықтар атласындағы» болашақ кәсіп түрлеріне де тиесілі жаңашылдық сол икем-дағдылардың заманауи практикалық-бағдарланған сипатында болып отыр.

Қазақ этномәдениетінде сандардың киелілігі ежелгі мифологиялық дүниетанымнан бастау алады. Адамзат табиғат құбылыстарын, ғалам құрылымын сандар арқылы түсіндіруге тырысқан. Мысалы, «үш әлем» (жоғарғы, орта, төменгі), «жеті қабат көк», «тоғыз қабат жер асты» сынды ұғымдар ғаламның құрылымын бейнелейтін мифологиялық модель ретінде қызмет атқарған. Бұл түсініктер халықтың дүниені тұтас қабылдауында жүйелілік пен үйлесімнің белгісі болды. Қазақ қоғамында сандар заңдық нормалардың да өлшеміне айналған. «Жеті жарғы» дәстүрлі құқық жүйесінің атауында ғана емес, оның мән-мағынасында да көрініс тапты. Бұл санның таңдалуы кездейсоқ емес, ол әділдік пен тәртіптің, толық заңдық жүйенің символы ретінде қабылданған. Сан ұғымы осылайша қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік қатынастарды реттеудің басты құралына айналды. Қазақ халқы сандық кодты тәрбиелік мақсатта кең қолданған. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген қағида арқылы ұрпақтың туыстық шежірені меңгеруі, ата-текке құрмет көрсетуі талап етілген. Бұл дәстүр әлеуметтік байланыстарды нығайтып, қоғамдағы тәртіп пен бірлікті сақтауға ықпал еткен. Сонымен қатар, «үш қасиет», «тоғыз ғұрып» секілді ұғымдар жас ұрпаққа адамгершілік пен моральдық құндылықтарды дарытудың құралы болған. Қазақтың бейнелеу өнерінде, қолөнерінде де сандардың символдық мәні жиі кездеседі. Кілем өрнектерінде, сәулет ескерткіштерінде, әшекей бұйымдарында сандық өлшемдер үйлесім мен әсемдікті сақтаудың эстетикалық қағидасына айналған. Әсіресе «үшбұрыш», «төртқұлақ», «жетіген» секілді өнер туындылары сандар арқылы рәміздік мәнге ие болып, ұлттық мәдениеттің айрықша ерекшелігін айқындап отырған.

Этномәдени жүйеде сандар бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, олар тәрбие құралы ретінде ұрпаққа дүниетанымдық бағдар береді («жеті атанды біл» қағидасы). Екіншіден, сандар әлеуметтік құрылымның белгісі ретінде қолданылған («үш жүз», «жеті жарғы»). Үшіншіден, олар діни-мистикалық танымның көрінісі ретінде киелі ұғымдарды білдіреді («қырық шілтен», «тоғыз ай, тоғыз күн»). Этномәдени контекстегі сандық код арқалаған тілдік бейнелер ұлттық тіл корпусын құрайды. Әлемдік тәжірибеде тілдік корпустар зерттеушінің тиімді әрі оңтайлы құралы екені дәлелденген. Электронды мәтіндік базалар арқылы тілде болып жатқан үдерістерді, тілдің барлық қабатындағы заманауи өзгерістерді тіркеу үшін

корпус аса қажет. Корпустық базалар лингвистердің инновациялық түрде тез әрі жылдам тілдегі құбылыстарды зерттеуіне негіз болады. Сонымен бірге сөздік жасау ісі әлдеқайда оңтайланды. Осыған дейін сөздікшілер сөздіктің иллюстрацияларын тіркеп көрсету үшін ауқымды қағаз нұсқадағы дереккөздерді ақтарып шолумен айналысса, корпус арқылы тілдік бірлікке мол әрі жылдам иллюстративтік материал жинап алуға болады. Әсіресе, зерттеу нысанындағы этномәдени бірліктер, мәдени-репрезентативті мәтіндер ішкорпусын пайдалану ұлттық корпустың мүмкіндігін насихаттап, заманауи цифрлық база ретінде ғылыми-практикалық әлеуетін танытуға ықпал етеді. Қазақ этномәдениетінің сандық репрезентациясын зерттеу тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып отыр. Сандар – этностың дүниетанымдық бейнесін, тарихи-мәдени тәжірибесін және ұлттық кодын сақтаушы негізгі символдардың бірі. Соңғы бес жылда жарық көрген отандық және шетелдік еңбектер қазақ мәдениетінде жиі қолданылатын «төрт», «жеті» сияқты киелі сандардың символикалық мәнін, фразеология мен идиоматикадағы қолданысын, фольклор үлгілеріндегі ерекшеліктерін айқындады. Бұл зерттеулер қазақ халқының тілдік санасында сақталған сандық кодты танымдық, мәдени және когнитивтік тұрғыдан зерделеудің ғылыми негізін құрайды. Ұлттық корпус негізінде сандық компоненттердің жиілігін, контексттік ерекшелігін талдау арқылы этномәдени кодты толық әрі жүйелі ашуға болады. Демек, қазақ мәдениетіндегі сандардың репрезентациясын ғылыми тұрғыдан қарастыру – ұлт болмысы мен тарихи жадын сақтау ісінде маңызды қадам.

Зерттеуді тереңдету және жаңашылдық дәрежесін арттыру мақсатында ауызекі сөйлеу, публицистика және жарнама тілінің мысалдары арқылы сан семантикасын заманауи түсіндіру жұмыстары да қамтылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда тілді антропоцентрлік, яғни, «тілдегі адам факторы» негізінде зерделеу лингвистика саласында тың мәселелерді айқындауға жол ашары сөзсіз. Тілдегі адам факторын тану оның халықтық танымның тереңінен бастау алып, қоршаған ортадағы құбылыстарға баға беруі, пайымдауы негізінде қалыптасады. Объективті шындықты бейнелейтін ұлттық сана мен таным – ұлттың өзіне ғана тән жеке дара қасиеттерін, мұрат тұтқан адами қасиеттерін, құндылықтарын, ұстанымдарын танытуда баға жетпес асыл қазына. Бұл ретте сан есімдердің қолданысына құрылған фразеологиялық қор, идиоматика, паремиология және мәдени-репрезентативті мәтіндерді зерделеудің рөлі ерекше. Мұндай этномәдениеттанушылық зерттеулерді қазақ тілінің ұлттық корпусы базасында жүргізу цифрлық лингвистиканың инновациялық мүмкіндіктерін пайдаланудың зор көрсеткіші болмақ. Сонымен қатар санада сан арқылы қалыптасқан ұлттық таным ақпаратының мәнмазмұнын, қызметін салыстырмалы призмада саралау нәтижелері заманауи интерпретацияда дәйектеледі. Қазақ этномәдениетінде сандар тек арифметикалық мәнге ие емес, ол халықтың тарихи жады, дүниетанымы және рухани болмысының айнасы болып табылады. Сандық кодтар этнолингвистикалық, фольклорлық және заманауи цифрлық кеңістікте ұлттық мәдениеттің тұрақты әрі жаңғыртылатын элементі ретінде қызмет етеді. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық болмысты жаңаша тануға, мәдени мұраны ұрпаққа жеткізудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сандар – дүниетанымның бір тетігі. Таным – дамып отыратын жүйе. Ол халықтың түсінігін сипаттайды. Мәселен, «Жеті әлем», «Төрт түстік» тіркестері арқылы қазақ халқының дәстүрлі әлемнің тернарлық құрылымы жайлы түсінігін анықтауға болады. Сандар тілден де бұрын пайда болған категория болғандықтан дүниенің мифтік бейнесін жасауда маңызды рөлге ие. Халықтық дәстүрде сандар белгілі бір ұғымды символдауда, белгілі бір ақиқат дүниені танытушы эталоны болуда, мәдени мағынасын білдіруде белсенді қолданылады деп айтуға болады. Мәселен, қазақ мәдениетінде қойға санақ жүргізбейді, қорадағы қойды санау оған кесірін тигізуі мүмкін деп ырымдаған. Орыс мәдениетінде қаздай тізіліп ұшып бара жатқан құстарды санауға болмайды, оларды жолдан тайдыруы мүмкін деп болжаған. Сондай-

ақ тоқылған текеметтің ұзындығын өлшеуге болмайды. Бұл ырымдар санақ пен санның киелілігі, құдіретті тылсым күші бар деп сенуден туындаған. Мұндай тілдік бірліктерді ұлттық корпус арқылы зерделеп, зерттеп, жүйелеу – қазіргі лингвистердің алдында тұрған міндет.

Қорыта келгенде, төл мәдениетімізді жаңғыртып, мәдени мұраларымыздың мәнін түсінудің қажеттілігі үшін этномәдени бірліктердің этномәдени мазмұнын ашудың маңыздылығы айқындалды. Этномәдени бірліктерді жинақтап, ұлттық құндылықтарды тану тіл иесінің танымдық қабілетін дамытып, өз ұлтының мәдениеті астарланған этнобірліктердің табиғатын түсінуге ықпал жасайды. Көптеген материалдық және рухани мәдени өнімдер күнделікті қолданыста болмағандықтан, қазіргі тіл тұтынушысына танылмауы мүмкін. Мақаламызда этникалық мәдениеттегі сандық кодтың ұлттық корпуста берілу жолдарын қарастырумен қатар, қазіргі қолданыстағы жүйелігіне мән бердік. Болашақ ұрпақтың этномәдени сөздерді ұмытпай, тілдік қолданысын түсінуі мен қазақ тілін зерттеушілерге көлемді тәжірибелік материалды тез тауып, оларға әрі қарай зерттеу жүргізу үшін қазақ тілінің ұлттық корпусы таптырмас құрал деп білеміз. Себебі корпус – тек электрондық нұсқаға көшірілген мәтін базасы емес, ол терең аннотацияланған, тұтынушының сан түрлі сұранысына қарай тиісті ақпаратты беруге икемделген іздеу жүйесі бар базаның көзі.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын AP26104225 Этникалық мәдениеттің сандық коды (Қазақ тілінің ұлттық корпусы негізінде) тақырыбындағы грант жобасы негізінде жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Каракозова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Эверо, 2011. – 104 с.
- 2 Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. 12 томдық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Т.1. – 512 б.
- 3 Философия: Жоғары оқу орындары және колледж студенттеріне арналған оқулық // құраст. Т.Х. Ғабитов; ауд. Б.М. Сатершинов. – Алматы: Паритет, 2012. – 250 б.
- 4 Абжаппарова А., Тулеметова А., Бегалиева Г. Digitalization of cultural heritage in Kazakhstan // *ҚазҰУ хабаршысы. Мәдениеттану сериясы*. – 2021. – №2(85). – Б. 112–115
- 5 Наурызбаева З. Вечное небо казахов. – Алматы: Сага, 2013. – 704 б.
- 6 Сүлейменова С.К. Digital representation of the Kazakh linguocultural code // *Тіл және мәдениет*. – 2022. – Т. 13, №4. – Б. 201–206.
- 7 Wang L. Ethnolinguistic study of sacred numbers in Turkic and Chinese cultures // *Journal of Ethnolinguistics and Cultural Studies*. – 2023. – Т. 11, №2. – P. 155–162.
- 8 Smith J. Numbers as cultural codes in digital anthropology // *Anthropology in the Digital Age*. – 2021. – Т. 8, №1. – P. 77–83.
- 9 Smith J. Numbers as cultural codes in digital anthropology // *Anthropology in the Digital Age*. – 2021. – Т. 8, №1. – P. 77–83.
- 10 Ахатова З.Б. Digitalization of Kazakh folklore: Sacred numbers in oral tradition // *Central Asian Journal of Literature and Folklore*. – 2023. – №1(7). – P. 73–79.
- 11 Жанабергенова Ж. Multimedia representation of traditional Kazakh art and symbolism of numbers // *Өнер және мәдениеттану*. – 2020. – Т. 5, №3. – Б. 88–92.
- 12 Машани А. Айдың айналымдары. – Алматы: Алатау, 2008. – 296 б.
- 13 Fazylzhanova A., Seitbekova A., Kobdenova G., Seidamat A., Ayazbayev G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language // *Lodz Papers in Pragmatics*. – 2025. – Vol. 21, №1. – P. 169–191.
- 14 Құдайбергенов А., Мырзабаева А., Сарбасова Л. Virtual museums as tools for preserving Kazakh ethnocultural heritage // *Digital Humanities Review*. – 2020. – №6(4). – Б. 54–60.

15 Kiynova Zh.K., Zhaiynshiyeva Zh.B. Symbolic Meanings of Numerals in Kazakh Riddles // ResearchGate. – 2023. – Б. 148-155.

Материал 25.05.2025 баспаға түсті

Числовая репрезентация казахской этнокультуры

Л.Р. Қойшығұлова¹, Ж.К. Омирбекова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 01000, Казахстан

Статья посвящена культурно-семантическим и концептуальным значениям числовых компонентов, зафиксированных в языке, особенностям их функционирования как числового кода этнической культуры, а также историческому обзору исследований числового кода. Уникальное историческое развитие казахского народа, его образ жизни и традиции, сформировавшиеся в соответствии с природной средой, регионом и окружением, и отразившиеся в языке, рассматриваются в контексте современной антропоцентрической парадигмы. В статье ставится цель исследовать сакральные числа, сохранившиеся в народной памяти, как элементы этнокультурного кода; раскрыть культурный код числовых компонентов в контексте фразеологии, идиоматики и реалий; проанализировать концептуальное, образное, ценностное и символическое содержание чисел на основе фольклора и паремнологического материала; определить числовой код этнической культуры через призму народной математики. Освоение национальных ценностей через язык в условиях общественно-социального обновления современного Казахстана приобретает особую значимость. Актуальность статьи заключается в возрождении архетипического сознания, отражающего особое значение чисел в казахской культуре, в выявлении семантического потенциала современных языковых единиц и в определении культурного кода числовых компонентов. Цель статьи — расширить когнитивный кругозор лингвистов и способствовать развитию государственно ориентированного сознания через язык. Актуальность темы заключается также в возрождении многовековой национальной культуры, передаваемой от поколения к поколению, в её сохранении и передаче будущим поколениям через национальный корпус. В статье предлагается научно-методологическая модель представления этнокультурных единиц, раскрывающих «числовой код» в рамках этнолингвистических, лингвокультурологических, диалектологических, социолингвистических и других исследований казахского языкознания. Ценность статьи заключается в использовании языка как информационного источника национальной культуры (идентичности) и в облегчении исследовательской работы в рамках современной лингвистики.

Ключевые слова: лингвокультурология, этнокультурная лексика, культурный код, числовой код, национальный корпус, культурная репрезентация.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Каракозова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Эверо, 2011. – 104 с.
- 2 Кондыбай С.. Античная казахская мифология. 12 томов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Т.1. – 512 б.
- 3 Философия: учебник для студентов вузов и колледжей // сост. Т.Х. Габитов; ауд. Б.М. Сатершинов. – Алматы: Раритет, 2012. – 250 с.
- 4 Абжаппарова А., Тулеметова А., Бегалиева Г. Digitalization of cultural heritage in Kazakhstan. – Вестник КазНУ. Серия культурологии. – 2021. – №2(85). – С. 112–115
- 5 Наурызбаева З. Вечное небо казахов. – Алматы: Сага, 2013. – 704 б.
- 6 Сулейменова С.К. Digital representation of the Kazakh linguocultural code // *Language and Culture*. – 2022. – Т. 13, №4. – С. 201–206.

- 7 Хасенов А. Числительные в современном казахском языке: канд. филол. наук ... автореф – Алматы, 1957. – 58 с.
- 8 Wang L. Ethnolinguistic study of sacred numbers in Turkic and Chinese cultures // *Journal of Ethnolinguistics and Cultural Studies*. – 2023. – Т. 11, №2. – P. 155–162.
- 9 Smith J. Numbers as cultural codes in digital anthropology // *Anthropology in the Digital Age*. – 2021. – Т. 8, №1. – С. 77–83.
- 10 Ахатова З.Б. Digitalization of Kazakh folklore: Sacred numbers in oral tradition // *Central Asian Journal of Literature and Folklore*. – 2023. – №1(7). – С. 73–79.
- 11 Жанабергенова Ж. Multimedia representation of traditional Kazakh art and symbolism of numbers // *Art and Culture Studies*. – 2020. – Т. 5, №3. – С. 88–92.
- 12 Машани А. Лунные круги. – Алматы: Алатау, 2008. – 296 с.
- 13 Fazylzhanova A., Seitbekova A., Kobdenova G., Seidamat A., Ayazbayev G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language // *Lodz Papers in Pragmatics*. – 2025. – Vol. 21, №1. – P. 169–191.
- 14 Кудайберген А., Мырзабаева А., Сербасова Л. Virtual museums as tools for preserving Kazakh ethnocultural heritage // *Digital Humanities Review*. – 2020. – №6(4). – С. 54–60.
- 15 Kiynova Zh.K., Zhaunshiyeva Zh.B. Symbolic Meanings of Numerals in Kazakh Riddles // *ResearchGate*. – 2023. – С. 148–155.

Материал поступил в редакцию журнала 25.05.2025

The numerical representation of kazakh ethnoculture

L. Koishygulova¹, ZH. Omirbekova¹

¹Eurasian National University named after L.N.Gumilyov, Astana, 010000, Kazakhstan

The article is devoted to the cultural-semantic and conceptual meanings of number components preserved in language, the features of their use as the numerical code of ethnic culture, and a historical overview of the study of this numerical code. The unique historical development, lifestyle, and traditions of the Kazakh people — shaped by their environment, region, and surrounding nature and preserved in language — are examined through the lens of the modern anthropocentric paradigm. The study aims to explore the sacred numbers preserved in cultural memory as elements of the ethnocultural code, to reveal the cultural code of numerical components in the context of phraseology, idioms, and realia, and to analyze the conceptual, figurative, value-based, and symbolic meanings of numbers using folklore and paremiological materials. The article also proposes ways to define the numerical code of ethnic culture through the lens of folk mathematics. Acquiring national values through language in line with the current socio-cultural renewal of Kazakhstan is of great importance. The significance of this article lies in reviving the special meaning of numbers in Kazakh culture through archetypal consciousness, uncovering the semantic potential of words used by today's speakers, and identifying the cultural code of number components. The purpose of the article is to expand the cognitive horizons of linguists and enhance the level of state-oriented consciousness through language. The relevance of the topic lies in preserving and passing down the national culture that has been formed over centuries — reflecting the worldview and essence of the nation — to future generations through a national corpus. The article aims to demonstrate a scientific-methodological model for presenting ethnocultural units that represent the “numerical code” in ethnolinguistic, linguocultural, dialectological, sociolinguistic, and other linguistic studies. The value of the article is in its potential to facilitate research by using language as an informational source of national culture (identity) in modern linguistics.

Key words: linguoculturology, ethnocultural vocabulary, cultural code, numerical code, national corpus, cultural representation.

REFERENCES

- 1 Karakozova Zh.K., Khasanov M.Sh. Kosmos kazakhskoi kultury. – Almaty: Evero, 2011. – 104 p.
- 2 Kondybai S. Argy kazak mifologiyasy. 12 tomdyk. – Almaty: Daik-Press, 2004. – T.1. – 512 p.
- 3 Filosofiya: Zhogary oku oryndary zhane kolledzh studentterine arналган okulyk // kurast. T.Kh. Gabitov; aud. B.M. Satershinov. – Almaty: Raritet, 2012. – 250 p.
- 4 Abzhapparova A., Tulemetova A., Begaliyeva G. Digitalization of cultural heritage in Kazakhstan // *Herald of the Kazakh National University. Cultural Studies Series*. – 2021. – №2(85). – P. 112–115.
- 5 Naurzbaeva Z. Vechnoye nebo kazakhov. – Almaty: Saga, 2013. – 704 p.
- 6 Suleimenova S. Digital representation of the Kazakh linguocultural code // *Language and Culture*. – 2022. – T. 13, №4. – P. 201–206.
- 7 Khasenov A. Kazirgi kazak tilindegi san esimder: filol. gylm. kand. ... avtoreferat. – Almaty, 1957. – 58 p.
- 8 Wang L. Ethnolinguistic study of sacred numbers in Turkic and Chinese cultures // *Journal of Ethnolinguistics and Cultural Studies*. – 2023. – T. 11, №2. – P. 155–162.
- 9 Smith J. Numbers as cultural codes in digital anthropology // *Anthropology in the Digital Age*. – 2021. – T. 8, №1. – P. 77–83.
- 10 Akhatova Z. Digitalization of Kazakh folklore: Sacred numbers in oral tradition // *Central Asian Journal of Literature and Folklore*. – 2023. – №1(7). – P. 73–79.
- 11 Zhanabergenova Zh. Multimedia representation of traditional Kazakh art and symbolism of numbers // *Art and Culture Studies*. – 2020. – T. 5, №3. – P. 88–92.
- 12 Mashani A. Aidyn ainalymdary. – Almaty: Alatau, 2008. – 296 p.
- 13 Fazylzhanova A., Seitbekova A., Kobdenova G., Seidamat A., Ayazbayev G. The issues of developing the historical subcorpus of the National Corpus of the Kazakh Language // *Lodz Papers in Pragmatics*. – 2025. – Vol. 21, No. 1. – P. 169–191.
- 14 Kudaibergen A., Myrzabayeva A., Sarbasova L. Virtual museums as tools for preserving Kazakh ethnocultural heritage // *Digital Humanities Review*. – 2020. – №6(4). – P. 54–60.
- 15 Kiynova Zh.K., Zhaunshiyeva Zh.B. Symbolic Meanings of Numerals in Kazakh Riddles // *ResearchGate*. – 2023. – P. 148–155.

Received: 25.05.2025

IRSTI 16.01.24

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss3pp58-73](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp58-73)

Z. Kulmanova

Michigan State University, East Lansing, 48824, USA

THE COGNITIVE FOUNDATIONS OF THEOLINGUISTIC DISCOURSE IN KAZAKH AND ENGLISH

This paper investigates cognitive and cultural representation of theolinguistic discourse in Kazakh and English languages based on comparative-cognitive and discourse analysis techniques. Since theolinguistics is an interdisciplinary research field, it analyzes the relationship between religion and language and is a requirement for identifying linguistic representations and cultural-cognitive meanings of religious notions.

The research concentrates on central Islamic and Christian concepts of “God”, “spirit”, “sin”, and “faith” (iman) and investigates their semantic, metaphorical, and pragmatic properties. In Kazakh religious language, “God” is conceptualized as a transcendent, righteous “Creator” and is named by epithets like “Allah”, “Haq”, and “Rabby” in folklore and Quranic literature, while